

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.60-61

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ, «ПХ ЗЕРЕНДА»
ЖШС-ГІ ЖАҒДАЙЫНДА БІРЖЫЛДЫҚ МАЛ АЗЫҚТЫҚ
ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ
(СУДАН ШӨБІ ЖӘНЕ МАЛАЗЫҚТЫҚ ТАРЫ)**

*Серекпаев Н.А.,
Ногаев А.А.,
Хамитова Ж.Х.*

Қазіргі таңда, мал шаруашылығының мал азықтарына деген қажеттіліктері толық қамтамасыз етілмейді. Ірі қараның бір шартты басына шаққанда, бір жылда өндірілетін мал азығы 21,5-23,5 азықтық өлшемге тең, яғни мөлшерлік көрсеткіштен (35-40 азықтық өлшем) айтарлықтай төмен, ал мұндай жағдайда мал азығының шығындалуы 71-80%-ды құрайды.[1]

Егістік жерлерінің көптігімен ерекшеленетін, Солтүстік Қазақстанның далалы аймақтарында мал азығының негізгі көздері жыртылатын жерлер болып табылады. Тапантық мал азығын өндіру мал азығына деген қажеттілікті 70-75%-ға қамтамасыз етеді. Осыған байланысты, егістік жерлерді тиімді пайдалануға баса назар аударған жөн. Дегенмен, соңғы жылдары мал азығы базасының негізі болап табылатын, танаптық мал азығын өндіруде біржылдық мал азықтық дақылдардың егістік көлемі қатты қысқарды. Дұрыс ойластырылмаған егістік көлемі құрылымының әсерінен, мал азығын өндіруді жүргізудің тиімсіз деңгейі, мал азықтық дақылдарды өсіру үшін қолданылатын егістік жерлердің өте төмен өнімділігі байқалуда.[2]

Ал, сол жерлердің көлемінің құрылымында мал азықтық дақылдардың алатын үлесі шамамен 3,1 млн. га, немесе 12,8%. Сонымен қатар, соңғы жылдардағы егістік көлемдерін есепке алғанда, көпжылдық шөптер жалпы көлемі 2,4 млн. га жерге (77,4%) себілсе, ал біржылдық шөптер небары 571,0 мың га (18,4%) жерге себілген. Атмосфералық жауын-шашын көп түсетін кезең жиі түрде жазғы айларға ығысатын, Солтүстік Қазақстанның далалы аймағында біржылдық мал азықтық дақылдардың маңызы зор, себебі олар, әсіресе, тарытекес дақылдар жаз айларында түсетін жауын-шашынды тиімді пайдалана отырып, тұрақты және көпжылдық шөптерге қарағанда 20%-ға жоғары жасыл балауса және пішен өнімін қалыптастырады. Сонымен бірге, Солтүстік Қазақстанның далалы аймағында біржылдық мал азықтық

дақылдардың егістік жерлері көлемінің аздығы (3% немесе шамамен 93,0 мың га) және өнімінің төмендігі (құрғақ зат 6-дан 19 ц/га-ге дейін) байқалады.[3,4]

Сонымен бірге біржылдық мал азықтық дақылдардың аз таралуының және өнімінің төмендігінің басты себептерінің бірі егіншілік мәдениетінің төмендігі және дақылдардың түр құрамының тарлығы болып табылады. Аймақта, біржылдық мал азықтық дақылдардың небары 2-3 түрі ғана өсіріледі, мұның өзі малдарды жем-шөппен толық қамтамасыз етуді қиындатады. Ал әлемде тағамдық және мал азықтық мақсаттарға жарамды біржылдық өсімдіктердің 80 мыңға жуық түрлері бар.[5]

Мал азығының жеткіліксіздігін төмендетудің негізгі жолдарының бірі, біржылдық мал азықтық дақылдардың түр құрамын жақсы мал азықтық құндылығымен, жоғары және тұрақты өнімімен ерекшеленетін, өсіруге жоғары энергиялық шығындарды талап етпейтін, агроклиматтық факторларға жоғары талап қоймайтын дақылдармен кеңейту болып табылады[6,7]. Ондай дақылдарға дәстүрлі емес, аз тараған біржылдық дәнді-мал азықтық дақылдар- Судан шөбі(сорт Тугай),мал азықтық тары(сорт Кормовое 98) жатады.

Соның ішінде Судан шөбі Қазақстан Республикасының құрғақ далалық және далалық аймақтарында өсірілетін ең өнімді біржылдық мал азықтық шөптердің бірі. Бұл дақыл кейбір облыстарда әртүрлі жылдары барлық біржылдық шөптердің 20-40%-ға дейінгі себу көлемін алады. Бірақ осы дақылды белсенді түрде өндіріске кіргізуге, оның тұқымының тапшылығы және сонымен қатар аз өнімділігі де 2-4 ц/га әсер етеді. Көбінесе тұқымдардың зертханалық өңгіштігі өте төмен: себебі тұқым өнімі мен оның сапасына әсер ететін фактор аймақтың жағдайында жылудың жетімсіздігі мен аязсыз кезеңнің қысқалығы болып табылады. Оған 1800-2200° белсенді температура жиын-тығы қажет. Топырақты аз талғайды, механикалық құрамы жеңіл саздық, тұзды топырақтарды жеңіл көтереді, құмдақ топырақтарда өсіруге болады.

Судан шөбінің жасыл массасы мен пішенінің тағамдық құндылығы ақуыздардың (10% - дан астам), көмірсулардың (68%), ақуыздың (5% - дан астам, бұршақ дақылдарынан кейінгі), каротиннің, қант пен талшықтың жоғары болуына байланысты басқа дәнді шөптерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Сондай - ақ, оның құрамында көптеген макро-және микроэлементтер бар: мыс, темір, мырыш, магний, марганец, молибден, селен, калий және кальций, фосфор. Судан шөптерінің пайдалы қасиеттері оның құрамында РР, А, В1, В2, В5, В6, Н дәрумендерінің болуына байланысты. Дәстүр бойынша, Судан сапалы мал азығын алу үшін өсіріледі. Жүгерімен салыстырғанда Судан шөбінің бірқатар артықшыдығы бар,

бұл оны судың жетіспеушілігіне жақсы бейімдейді. Ол балауыз жабыны бар жапырақтарының аздығы, бастапқы тамырының жанында екі есе көп жанама тамырларының болуы [8].

Мал азықтық тары - Кормовое 98 Сорт авторлары: В.И. Коберницкий, Л.А. Коробкина, В.А. Бартенбах, Э.Я. Струева, С.Г. Довгаль. Сангвинеум

түршесіне жатады. Әдетте биіктігі орташа болады — 80-100 сантиметр, ал ылғал мол болған жылдары 120-140 сантиметрге жетеді, оңайлықпен жапырылып, сына бермейді. Дәні қызыл, дөңгелек тәріздес, ірі. 1000 дана дәннің салмағы — 7,8-9,7 г, шашылып түсе бермейді. Өсіп-өну кезеңінің ұзақтығы — 70-83 күн. Құрғақшылыққа төзімділігі жоғары, ылғалдандыруды жақсы қабылдайды. Тозаң қара күйесіне әдетте төзімді келеді, ал жұқпалы аурулар белең алған жағдайларда сирек зардап шегеді. Көк күйінде де, кептірілген күйінде де мол өнім береді. Кормовое 98 сортты тары балғын күйінде де, пішен күйінде де пайдалануға ұсынылады. Белок пен клетчатканың үлесі: 12,3 және 20,1 пайыз. Азықтық бірлік көрсеткіші — 0,698 кг/кг. Сорт 2003 жылдан бастап Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерінің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген және Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында өндіріске пайдалануға рұқсат берілген. Сорт патенттелген [9].

Аталған дақылдардың егістік жерлерінің көлемін кеңейтуге мүмкіндік бермейтін негізгі себептердің бірі, Солтүстік Қазақстанның далалы аймағының топырақ-климат жағдайларында өсіру технологияларының аз зерттелгендігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Турмухаметов Ж.С. Кормопроизводство – проблемы и пути их решения. // <https://kazagro.kz/> 31.03.2014.
2. Жазылбеков Н.А., Алимаев И.И., Мусабиев Б.И., Рашидан А. Состояние и перспективы кормопроизводства в Республике Казахстан // Научно- производственного журнал «Кормопроизводство». - Москва, 2013.- С. 27-29.
3. Мастер план развития кормопроизводства в Республике Казахстан на 2013-2020 гг. // www.nauka.x-pdf.ru.
4. Юрченко В.А. Путь создания прочной кормовой базы в Казахстане // kazah-zerno.net 12.03.2015.
5. Можаяев Н.И., Серекпаев Н.А. Кормопроизводство: учебник. - Астана, 2007.- 359 с.
6. Карпун Ю.Н. Основы интродукции растений // Hortusbotanicus, 2004. No2. - С.17-32.
7. <https://stud.kz/referat/show/6703>
8. Grain yield production of Sudan grass (*Sorghum sudanense* (Piper) Stapf) as influenced by cutting numbers, potassium rates, and intrarow spacing in a semiarid environment. Ahmed AWAD, Salah HAFIZ, Mohammed Sabry HAMMADA, Azza El-NOUBY, Salah EL-HENDAWY, Agronomy Department, Faculty of Agriculture, Suez Canal University, Ismailia, Egypt Plant Production Department, College of Food and Agriculture Sciences, King Saud University, Riyadh, Saudi Arabia - ISI Web of Knowledge (издательство Thomson Reuters)
9. <https://baraev.kz/ysynystar/seleciya/189-kormovoe-2008-mal-azyyndytary.html>